

М. Қонқал^{1,2*}, Н.Г. Шаймердинова¹

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан;

²Astana International University, Астана, Қазақстан
(E-mail: meruyertkonkal@gmail.com, : nurila1607@mail.ru)

Қазақстандағы саны аз және жойылу қаупі бар түркі тілдеріне жүргізілген социолінгвистикалық зерттеу нәтижелері

Мақалада Қазақстан аумағындағы саны аз және жойылып бара жатқан түркі тілдес халықтардың ана тілін қолдану деңгейі мен ұрпақтан-ұрпаққа берілуі мәселесі зерттелген. Мақаланың мақсаты — түркі тілдес ұлт өкілдерінің ана тілін әлеуметтік ортада қолдануы мен тілдерді дамыту мәселесін қарастыру. Зерттеу барысында Қазақстандағы саны аз және жойылу қаупіндегі түркі тілдес этностар арасында социолінгвистикалық сауалнама жүргізіліп, нәтижелері ұсынылды. Зерттеу нәтижелері ұлт өкілдерінің жасы, жынысы және ана тілін қолдану аясына, салт-дәстүрлерінің сақталу деңгейіне негізделеді. Тілдердің жойылу себептеріне әкелетін және қолданылу аясын тарылтатын әртүрлі факторлар келтірілген. Сонымен бірге мақалада этностар арасында жүргізіліп отырған сауалнама нәтижелері егжей-тегжейлі талданған.

Кілт сөздер: саны аз тілдер, жойылу қаупіндегі тілдер, түркі халықтары, сауалнама, анализ, социолінгвистика.

Kipicne

Тілдердің сөйлеушісінің азаюы мен жойылып кетуіне алып келетін көптеген саяси факторға, соғыс жылдары, қуғын-сүргін, жер аудару, әртүрлі табиғи апаттардың болуы, мәдени-экономикалық себептердің салдарынан туындайтын әртүрлі факторлар болып табылады. Сондай-ақ саны аз тілдердің қолданылу аясының тар болуы, экономикалық мәселелер ана тілінің қолданысының ареалын шектеулі болуына алып келуі мүмкін. Осы орайда Кристал өзінің классификациясында тілдердің жойылуында физикалық және мәдени факторлардың айырмашылығына назар аударады. «Оның ішінде физикалық факторлар негізінде жер сілкінісі болуы, су тасқыны салдары, цунами т.б. табиғи құбылыстары, мәдени фактор негізінде салт-дәстүрлер, рәсімдер, әдет-ғұрыптар мен жалпы өмір салтының да тілдердің өмір сүру ортасына тікелей байланысты бола отырып адамдардың яғни тілдердің азаюы мен жойылу себептеріне әкеліп соғады», – деді [1].

Тіл — мәдени мұраның тасымалдаушысы, ал тілдік бірлік — ұлттық бірліктің мәдени негізі. Тіл мен жазу ел құрудың негізгі элементтері, ұлттық мәдениеттің негізгі тасымалдаушысы мен символы, ұлттық бірегейліктің буыны болып табылады. Қазақстан — көпұлтты мемлекет. Көпұлтты және көптілді ел ортақ тілі ретінде кең әлеуметтік маңызы бар тілді таңдай отырып, елдегі өмір сүріп жатқан барлық ұлттар мен этникалық топтардың ана тілінде сөйлеуіне ешқандай тосқауыл қоймайды. Қазақстанның кең байтақ даласында көптеген ұлттар мен ұлыстар бейбіт мекен етіп жатыр. Мемлекеттік тіл — қазақ тілімен қатар қарым-қатынас тілі ретінде орыс тілінің қолданылуы елдегі басқа ұлт өкілдерінің де қатынас тілі деуге болады. Қазақстанға қоныс аударған түркі тілдес халықтардың басым бөлігі дерлік кеңестік кезеңнен кейінгі халықтар болғандықтан этностар арасындағы орыс тілінің қолданысы өте ауқымды [2].

Зерттеудің негізі болып отырған Қазақстан аумағындағы түркі тілдес халықтардың ана тілінің ұрпақтан-ұрпаққа берілуі мен әлеуметтік ортада, қоғамда қолданылу деңгейі мәселесі. Түркі тілдес халықтар тілдері әлемдік кеңістікте аса зор мәнге ие. Түркі тілдері — түркі әлемі мәдениетінің тасымалдаушысы, негізгі мәдениет пен түркі тілдес ұлттар бірлігінің маңызды символы деуге болады. Сонымен қатар барлық әлем тілдері сияқты тілге қауіп төну мәселесі түркі тілдерін де айналып өтпейді. Әлемдегі түркі тілдерінің қауіптілік жағдайы ұлт өкілдерінің географиялық орналасуы мен тұрғылықты жеріндегі ана тілінің қолданысына тікелей байланысты [3].

Әлемдегі ең ірі Ethnologue тілдер каталогының мәліметтері бойынша әлемде 7000-нан астам тіл бар [4]. Олардың жартысы ана тілінен айрылған. Түркі әлемінің өзіндік ерекшелігі лингвистикалық және мәдени-тарихи жоспардың әртүрлі бағыттарында зерттеледі. Ежелгі түркі тілінің грамматика-

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: meruyertkonkal@gmail.com

лық құрылымынан бастап тілдік өзекті тақырыптардың барлығы М. Ердал, Роно Таш, Л. Йохансон, Е. Чата, И.В. Кормушин және т.б. ғалымдардың назарын аударып келеді. Ғалымдардың пайымдауынша әлемнің көптеген бөліктерінде ғасырдың аяғында тілдердің біршамасы жоғалып кету қаупінде. Саны аз және жойылып кету қаупіндегі түркі халықтардың тілінің бірегейі қарайым, қарашай, балқар, хакас, долған, құмық, шор, саха, қырым татарлары, чуваш, тува, тофа, ноғай тілдері де осы мәселеге тап болып отыр [5]. Соңғы жылдары әлсіз тілдердің жойылып кетуі — мәдени өзгерістерге үлкен сынақ және адам байлығының жоғалуына әкеліп соқтыруы мүмкін. Сонымен қатар, тілдің жоғалуы сол тілді сөйлеуші топтардың жоғалып кетуіне әкеледі. Тіл — ана тілін ойлау тәсілінің тікелей көрінісі. Тілдің жоғалуы адамның ойлау тәсілін жеңілдетуді күшейтеді, адамның ойлау тәсілінің деградациясына әкеледі, адамзат үшін бұл өте қауіпті үрдіс. Жойылып кету қаупі төнген тілдер, яғни сөйлеушісі азайған, тілдің қолданылу функциялары аз, жеткіншек ұрпақ қолданбайтын және екі-үш ұрпақ ішінде жойылу қаупі бар тілдер [6]. Ана тілін қолдану функциясымен байланысты көптеген факторларды атауға болады, мысалы, ана тілінде сөйлейтін халқының үлесін жоғалту, тілдік қауымдастықтардағы ана тілінің үлесі, адамдардың ана тілін қолдану қабілеті, ана тілін қолдану ауқымы, этникалық топтардың тілдік тұжырымдамасы және тілдік құрылымдық жүйенің төмендеуі. Бренцингер жалпы тілдің көзқарастар саясатын екіге бөледі, яғни мемлекеттік тілдік көзқарастар және оның ішіндегі ұлттар өкілдерінің ана тіліне қатынасы [7]. Бүгінгі таңда мәдениеттердің араласуы мен ортақ этностықтың ұлғаюы мәдени және ұлттық дамудың ортақ заңдары екенін толық түсінуіміз керек. Әлемдік тіл және ұлттық даму заңы тұрғысынан тіл әрқашан көптілділікте дамиды, ал мәдениет қарым-қатынаста дамып, өзгереді [8]. Осы ретте кейбір анахронизмдер азайды немесе тіпті жойылды, кейбір тілдер, бірнеше этникалық топтар үшін мәдениеттер, ортақ халық, ортақ тіл қоғамның дамуымен көбірек дамиды, әртүрлі ұлттық тілдер аз болады. Бұл мәдени және ұлттық дамудың тарихи заңы, барлық ұлттардың негізгі мүдделеріне жауап беретін тарихи прогресс. Әрине, бұл өте ұзақ тарихи процесс [9].

Саны аз тілдердің ана тілінде сөйлеуі мен жазуы саны аз этностардың күнделікті өмірінің маңызды коммуникативті құралы, сонымен қатар ұлттық мәдениеттің маңызды тасымалдаушысы және эмоциялардың байланысы, сонымен қатар елдің құнды мәдени ресурсы болып табылады [10].

Тілдің өміршеңдігінің ең бірінші көрінісі — сөйлеушісінің болуы. Қазіргі таңда Қазақстанда эзербайжан, түрік, қарайым, құмық, ноғай, татар, өзбек, ұйғыр, түркмен, чуваш, қырым татарлары, хакас, долған, қарашай, гагауыз, саха, башқұрт, ахысқа түріктері т.б. 25-тен астам түркі тілдес халықтар өмір сүруде. Түркі тілдес ұлт өкілдері әр түрлі аймақтарда орналасқан. Қазақстан халқының ұлттық санағының соңғы мәліметтеріне сәйкес кейбір ұлттар арасында өсім және сәйкесінше кему де байқалады [11]. Түркі тілдес халықтар Қазақстан жеріне сталиндік репрессия, соғыс жылдарында, күштеп депортациялау және түрлі жағдайларда қоныс аударған [12]. Этникалық топтардың халқын мәжбүрлеп қоныстандыру, олардың бұрынғы отандарының нақты жойылуына себеп болды. Жер аударылғандардың басым бөлігі қарапайым адамдар және олардың жартысы кішкентай балалар болса, екінші жартысы негізінен әйелдер мен қарт адамдар болды.

Әдістері

Осы зерттеу барысында Қазақстандағы саны аз және жойылу қаупіндегі түркі тілдері: қарашай, балқар, құмық, ноғай, қырым татарлары, хакас, гагауыз, саха тілдері қарастырылып, ұлт өкілдері арасында сауалнама жасалып және сұхбаттасу жүргізілді. Сауалнама және сұхбаттасу нәтижелерін талдай келе Қазақстандағы түркі тілдес халықтардың өз ана тілін қаншалықты жиі қолданатыны және тілдердің өмір сүру деңгейі мен оларды сақтап қалудағы негізгі мәселелер талданды.

Зерттеу жұмыстың тәжірибесінде мәліметтерге қол жеткізу үшін зерттеуде докторант және ғылыми жетекшісі тарапынан дайындалған 27 категориялық сұрақты қамтитын 5 фактордан: *қатысушы туралы жалпы мәлімет, мекенжайы мен қоныс аудару себептері, білімі және тілдік бөлім, діні мен мәдениетінен тұратын «Әлеуметтік-лингвистикалық зерттеу»* тақырыбында сауалнама жүргізілді. Сынақтан өткізу барысында сауалнама сұрақтары мамандар тарапынан сенімділік көрсеткіші сынақтан өтіп, негізделген. Сауалнаманы онлайн жүргізуге ыңғайлы болу үшін Гугл формасында құрастырылды және кейбір қарт кісілер үшін қиындық туғызатындықтан сауалнаманың қағаз нұсқасы дайындалып жүргізілді [<https://rb.gy/qhy4yt>]. Алынған мәліметтерге сапалық зерттеу анализдері негізінде талдау жасалды. Сауалнамаға түрлі этнос өкілдерінен қатысушылардың 49-ы ер және 55-і әйел болды. Жүздік фреканс көрсеткіштерінде ер қатысушылар саны 52,8 % және 47,2 % әйелдерді құрайды (1-кесте).

Респонденттердің гендерлік таралымы

Жынысы	f		%
Әйел	55		52,8
Ер	49		47,2
Жалпы саны	104		100,0

Яғни зерттеуге қатысушылардың саны жынысы тұрғысынан тепе-теңдікті сақтағандықтан, зерттеудің шынайылық көрсеткіші жоғары деп бағаланады.

Деректердің жинақталуы және нәтижелері

Саны аз және жоғалып бара жатқан түркі тілдерін зерттеуге арналған біздің сауалнамамызда этникалық топты құрайтын халық санының азаюымен қатар, әрбір нақты тілге қатысты қолданушысының болуы да маңызды.

Тілдерге қауіп төну дәрежесі қолдану саласының деңгейіне орай бірқатар критерийлермен анықталып отырады. Қауіпті бағалауға көмектесетін критерийлерді 1991 жылы Фишман бастапқыда сегіз критерий және 2003 жылы ЮНЕСКО тоғыз критерий, сондай-ақ, Льюис пен Симонс 2010 жылы бірнеше бөлімшеден тұратын он критерий ұсынды. Осы бағалау критерийлерін салыстыра отырып, 2012 жылы Дүйер жойылып кету қаупі төнген бағалау критерийінің он екі нұсқадан тұратын нұсқасын жасады.

Осы мақалада Қазақстандағы саны азайған және жойылу қаупі бар деп танылған түркі тілдерінің жағдайы қарастырылған. Осы бағытта деректер жинақталып, сауалнама және сұхбаттасу нәтижелері ұсынылған.

Тілдердің әлеуметтік-лингвистикалық зерттелуіне бағытталған сауалнамаға Шығыс Қазақстан, Алматы, Батыс Қазақстан, Атырау, Маңғыстау, Ақмола, Түркістан, Жамбыл, Қостанай, Қызылорда, Ақтөбе облыстарынан жалпы саны 8 ұлт өкілінен 104 адам қатысты. Олардың ішінде 53 қырым татары, 3 тува, 13 қарашай, 39 балқар, 3 саха, 2 құмық, 3 ноғай, 1 хакас этносының өкілі.

Сауалнаманың **I-бөлімінде** қатысушы туралы жалпы мәліметтер: ұлты, жасы, тұрғылықты мекенжайы мен азаматтығы сұралады. Зерттеуге қатысушылардың жасы 15-75 жас аралығын құрайды. Бұл жас аралығы сауалнамада берілген жас шектеулеріне сай келетіндіктен, зерттеу анализдерінің жарамдылық көрсеткішін арттырады.

Сауалнама сұрақтарын категориялық талдау нәтижесінде **II. Мекенжайы мен қоныс аудару себептері** бөлімінде берілген жауаптарға сәйкес, қатысушылардың көпшілігі Қазақстанда дүниеге келген және қатысушылар тұрғылықты мекенжайын өзгертпеген. Сауалнамаға қатысушылардың *отбасылары ҚР-на қашан және қандай себеппен қоныс аударғандығын* анықтау нәтижесінде берілген жауаптарға сүйенсек, Қазақстанға қоныс аудару кезеңі 1937-1984 жылдар аралығын қамтиды. Қоныс аудару себептері 1937-1938 жылдар аралығындағы сталиндік қуғын-сүргін және репрессия, Екінші дүниежүзілік соғыс кезеңіндегі депортация, тың және тыңайған жерлерді игеру мақсатында, өз еркімен және жұмыс барысымен көшіп келгендер. **«Сіздің жанұяңызда шетелге көшіп кеткендер бар ма?»** деген сұраққа 12 респондент «ия» деп жауап береді. Жанұя мүшелерінің, әсіресе қарт кісілердің туған отанына оралуы, сонымен бірге орта жастағы туыстары оқу-жұмыс барысында кеткендіктері айтылады. Біршамасы Ресейге, Қарашай-Черкесс Республикасына, Германияға, Түркияға, Америка Құрама Штаттары мен Молдоваға қоныс аударған (2-кесте).

Респонденттердің туыстарының шетелдерге көшу жағдайы

Жауаптар	f		%
Ия	12		11,5
Жоқ	92		88,5
Жалпы саны	104		100,0

Социоллингвистикалық сауалнаманың **III. Біліміңіз** бөліміндегі берілген жауаптарды талдайтын болсақ: **«Білім алу тіліңіз қандай?»** сұраққа барлық сауалнамаға қатысушылардың 1-еуі ғана толықтай қазақ тілінде білім алса, қалған 103 қатысушы орыс тілінде білім алған. Атқаратын қызметі мен

кәсібін талдау барысында жұмыссыздар мен үй шаруасындағы әйелдер саны және зейнеткерлер басымдық танытуда. Одан кейінгі орында студенттер мен оқушылар болса, қалған пайыздық көрсеткіштерді бухгалтер, мемлекеттік қызметкер, мұғалім және жеке кәсіпкерлер мен әншілер құрайды.

Сауалнаманың **IV. Тілдік** бөліміндегі *«Сіз ана тіліңізді қаншалықты жиі қолданасыз?»* сұрағына сауалнамаға қатысушы түркі тілдес ұлт өкілдерінің 10,2%-ы үлкендер арасында, туыстарыммен қарым-қатынас жасауда, 18,3 %-ы жиі қолданбаймын, 8,3%-ы тек отбасында қолданатындарын және 22,3 %-ы мүлдем қолданбайтынын айтқан. Бұл пайыздық көрсеткіштер ұлт өкілдерінің ана тілін қоғамда көп қолданбайтынын, яғни, ана тілі отбасында және туыстарымен қатынаста ғана қолданумен шектелетіндігін көрсетеді (3-кесте).

3 - к е с т е

Респонденттердің ана тілін қаншалықты жиі қолдануы

Жауаптар	f		%
Отбасында	9		8,3
Туыстармен	11		10,2
Әрдайым қолданамын	42		40,9
Жиі қолданбаймын	19		18,3
Мүлдем қолданбаймын	23		22,3
Жалпы саны	104		100,0

«Өз ана тіліңізде сөйлеген кезде қай тілдердегі сөздерді қосасыз?» сынды категориялық сұраққа 2,8 %-ы қазақ тілінен; 95,8 %-ы орыс тілінен; 1,4 %-ы түрік, ағылшын тілдерінің сөздерін қосатындығын айтқан.

Сонымен қатар мәдени, бұқаралық ақпарат құралдары тілдеріне қатысты *«Сіздің тұратын еліңізде ана тіліңізде газеттер, журналдар, кітаптар шыға ма?»*, *«Сіздің ана тіліңіздегі телехабарлар бар ма?»* деп сұралғанда респонденттердің 95,8 %-ы *«жоқ»* деп жауап берсе, 0,1 %-ы ана тіліндегі телехабарлар шықпайтындығын, бірақ, басқа шет мемлекеттерде газет-журналдар шығарылатынын және сол елдерге барғанда алып оқитындарын, сондай-ақ Қазақстанға келгенде мәдени орталықтарда жиналып, жексенбілік мектептер сабақтарында талқылайтындарын айтады.

Социолінгвистикалық сауалнаманың **V. Дін және мәдениет** бөліміндегі *«Сіздің ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарыңыз сақталды ма?»* деген сұраққа қатысушылардың 37,5 %-ы «ия» деп жауап берсе, 4,2 %-ы білмеймін, 4,25 %-ы ауылдық жерлерде тұратын қарт туыстарының арасында сақталғанын айтса, 4,2 %-ы «жоқ» деген жауапты таңдаған. Осы орайда *«Сіздің отбасыңызда қандай этникалық салт-дәстүр, әдет-ғұрыптар қолданылады?»* сұрағына әр ұлт өкілі ұстанатын әдет-ғұрыптарымен, салт-дәстүрлерімен бөліскен. Атап айтатын болсақ, қырым татарлары Хыдырлез, қыз ұзату салтын ұстанса, құмық ұлтының өкілдері Наурыз мейрамы, Айран күн мерекелерін тойлайтындығы белгілі болды. «Хыдырлез» — қырым татарларының молшылық пен берекені білдіретін ұлттық мерекесі. Мерекенің атауы бүкіл әлемді аралап, адамдарға көмек көрсетуші мұсылман әулиелері Қыдыр мен Илиястың есімдерінен шыққан. Қырым татарлары арасында мамыр айының басында осы мереке атап өтіледі. Айтарлық, бұл мереке Қырымда жыл сайын салтанатты түрде атап өтіледі, қырым татар халқының мәдениетін, тарихын, өмірін баяндайтын көрмелер, ұлттық спорттық ойындар көрсетіліп, халық әндерін айтып, би билеп, ұлттық тағамдар әзірленеді. Адамдар егіннен мол астық алуға, молшылық болуға дұға жасайды. Хыдырлез дәстүр бойынша қырым татар халқының шығармалық, сәндік, қолданбалы өнерінің көрмесі [13]. Түркі тілдес халықтардың тілдерімен қатар ұстанатын дәстүрлері, мерекелерді тойлауында да көптеген ұқсастықтар бар. Сауалнамаға қатысушылар барлық түркі халқына ортақ Наурыз мерекесін, Құрбан айт мерекесін тойлайтынын және келін түсіру мен бала дүниеге келгендегі барлық дәстүрлерді ұстанатындығын анық көрсеткен. Ал, ноғай ұлтының өкілі ұлттық дәстүрлерді ұстанбайтынын, ұмытып қалғанын жеткізді.

Қазақстан аумағындағы тұрып жатқан түркі тілдес ұлттардың қазақ дәстүріне сіңісіп, мәдениетінен тыс қалмағандығын да байқауға болады. Түркі мәдениеті тоғысатын, барлық түркі халықтарына тән жаңа күннің бастауы, Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесін барлық түркі тілдес ұлт өкілдері дерлік тойлайтындығы байқалды. Айта кетерлік бір жағдай, жүргізілген зерттеулерден байқағанымыздай, түркі халықтарының басқа түркі ұлының өкілдерімен отау құрып, дәстүрінің араласуы да кездеседі [14]. Сонымен бірге қазақ халқының тарихи тартыс ойыны бәйге, отау құрумен байланысты сыр-

ға салу, қыз ұзату, беташар, келін түсіру, құда түсіру, жас баланы қырқынан шығару, көрімдік беру, тойбастар сынды дәстүрлерін ұстанатынын айтқан.

Қатысушылардан қандай дінді ұстанатындығы туралы сұралғанда, 70 %-ы ислам дінін, 12 %-ы православ, 12 %-ы будда, 8 %-ы христиан діндерін ұстанатынын, ал ислам дінін ұстанушылар барлық діни ғұрыптарды ұстанамын деп жауап берген (4-кесте).

4 - кесте

Респонденттердің діни таралымы

Жауаптар	f		%
Мұсылман	70		67,4
Христиан	7		6,7
Будда	13		12,5
Православ	14		13,4
Жалпы саны	104		100,0

Сауалнамаға қатысушы респонденттер *ана тіліндегі халық ауыз әдебиеті үлгілері, ертегілер, аңыздар, мифтер, тарихи поэмаларды білесіз бе?* деген сұраққа 20,8%-ы білмеймін деп жауап берсе, 79,2%-ы әртүрлі халық ауыз әдебиеті шығармалары, ертегілер, аңыздар, тарихи поэмаларды білетінін айтып, атауларын келтірген. Мысалы, қырым татары өкілдері «Арзы қыз» («Арзы кыз»), «Аю-Даг» туралы аңыз-әңгімелерін білетінін айтқан. Арзы қыз — көрікті де қылықты, қас сұлу қырым қызы болады. Қыздың бойжеткен шағында тұрмысқа беру үшін салтанат құрылып, той басталады. Ал, Арзы қыз ауыл ішіндегі өзінің сүйікті орны субұрқаққа барып, онымен қоштаспақшы болған сәтінде, қаскөйлер ұрлап кетеді. Қызды Стамбулға күндікке сатады. Бір жылдан кейін Арзы қыз ұл табады. Бірақ баланың өмірге келуі өзінің еркіндігіне, туған жеріне, әке-шешесіне деген сағынышын баса алмайды, ақырында қыз бөбегімен Босфорға құлап кетеді. Сол күннен бастап әр жыл сайын осы күні әлгі субұрқақтың басына қолында баласы бар пері қыз келіп су ішіп тұрады деген аңыз бар [15]. Сондай-ақ, «Аю-Даг» қырым халқының махаббат пен сүйіспеншілік туралы аңыздарының бірі.

Тува өкілі өзінің ана тіліндегі «Мой друг золотой Олень», «Золотой мальчик» повесін, «Золотая птичка» туындыларын, балқар ұлтының өкілі «Арбаз», «Сосруйбо», «Соорий сарқырамасын», ағайынды қыздар туралы «Лейла и Фатима» аңыз-әңгімелерін, қарашай ұлты өкілі «Қожа» ертегісін, «Хамят» поэмасын және әр түрлі мақал-мәтелдерін, құмық өкілі Ирчи Казак романдарын, «Мен Охтеммен», «Друзья Пастуха» ертегісін, «Хитрый байбурак», «Сорок братьев» шығармаларын білетінін айтқан. Әр ұлттың ұрпақтан-ұрпаққа жетіп келген халық ауыз әдеби туындылары, аңыз-әңгіме, ертегілері бар. Бірақ, осы түркі халықтарының арасындағы махаббатқа, достыққа, туған жерге қатысты шығармаларында, тіпті ертегілерінде де ұқсастықтар барын көре аламыз.

Зерттеу сұрақтарының соңында *«Сіз өз жауаптарыңызға тағзы нені қосқыңыз келеді?»* бөлімінде сауалнамаға қатысушылар ана тілінің қолданылуы, сақталу мен тілді ұрпақтан ұрпаққа жеткізудегі негізгі мәселелерге қатысты өз ойларын білдіреді. *«Мен ана тілімді жақсы көремін, құрметтеймін және ана тіліміздің басқа тілдер сияқты тірі болғанын қалаймын. Біздің тарихымыз сақталмаса келешегімізде болмайды», «Мен қазақ тілін түсінемін, ол қарашай тіліне өте ұқсас келеді. Егер астанамызда 3-4 қарашай отбасы тұратын болса, біз бір-бірімізбен ана тілімізде қарым-қатынас жасайтын едік. Олай болмағандықтан ана тілінде қатынас аз, қарашай тілінде берілетін телехабарлар, мәдени орталықтар, тіпті газеттерде шығарылмайды. Сондықтан біз тілді ұмыта бастаймыз», «Барлық адамның ұлтына, жынысына, жасына қарамастан алға жылжу өте маңызды»* сынды пікірлерімен бөлісті.

Қорытынды

Зерттеу жұмысындағы социолінгвистикалық сауалнама нәтижелері көрсеткендей Қазақстандағы саны аз және жойылу қаупіндегі тілдер өкілдері өз ана тілдерін отбасында, туған-туыстары арасында қарым-қатынас тілі ретінде қолданса, қазақ тілі мен орыс тілін мектептер мен мемлекеттік мекемелерде, жұмыс орындарында, әлеуметтік ортада жиі қолданылатындығы байқалады.

Сонымен қатар, саны аз және жойылу қаупіндегі тілдер сөйлеушілері білім алу, жұмыс жасау, қоғамда қатынас жасау тілі ретінде орыс тілін басымдылықпен қолданатындығын көрсетеді. Тіпті аудандар мен қала тұрғындарының тілдік-мәдени орталықтарының жоқ болуы, оқу және әдеби жазба материалдары, телебағдарламалар, газет-журналдар өз ана тілдерінде шығарылмайды. Мұның бәрі

саны аз және жойылу қаупіндегі түркі тілдерінің қолданысын төмендетеді, ал кейбір адамдар осы себептерге байланысты тіпті ана тілін ұмытып қалғандығын алға тартады. Көптеген шынайы тілдік құбылыстар мен олардың құрамындағы бай мәдени құбылыстар тез жоғалады. Бұл жағдайлар түркі тілдерінің мұрасы мен дамуында үлкен дағдарысқа әкеліп соқтырады, ал тілдердің жойылып кету қаупі жақындай түседі.

Зерттеу барысында сауалнамаға қатысқан және сұхбат берген респонденттер жауабынан байқағанымыздай, олардың ана тіліне деген сүйіспеншілігін, оны келесі ұрпаққа беруге үміттенетіндігін, ана тілінің болашағынан үмітті екендігін көре аламыз.

Кез келген ұлттың өкілдері өз ұлтының көркем тарихы мен мәдени дәстүрлерін әдет-ғұрыптарын, өмір салтын құрметтейді. Осы теңдессіз құндылықтарды келесі ұрпаққа жеткізу үшін ана тілінің маңызы алғашқы орында. Әр халық ұлттық тіл мен мәдениеттің болуы мен дамуына алаңдайды, олар толығымен қалыпты болуы және сақталуы керек. Мемлекет елдегі барлық ұлттар мен ұлыстарды, саны аз этнос өкілдерінің салтын, әдет-ғұрыптарын құрметтеу және мәдени әртүрлілікті сақтау қағидаттарына сәйкес қорғауы және қолдауы керек. Мәдениеттердің араласуы және этносаралық қауымдастықтың ұлғаюы барлық этникалық топтар халықтарының негізгі мүдделеріне, мәдени және ұлттық даму заңдарына сәйкес келетін тарихи прогресс болып табылады.

Қазіргі заманғы ғылыми-техникалық білімді оқытуға, сонымен қатар саны аз және жойылу қаупіндегі тілдердің дәстүрлі мәдениетін мұрагерлікке, дамытуға және жаңашылдыққа баса назар аудара отырып, сапасын үнемі жетілдіріп отырса, осылайша тілдік мәдениеттері мұра болып, дами алады, өскелең ұрпақтары өз ұлтының дәстүрлі мәдениетін сақтайды. Шын мәнінде, осы аталған түркі тілдес халықтардың ана тілдері мен жазулары білім беру, әдебиет, өнер, журналистика, баспа ісі, радио, кино және теледидар, электронды БАҚ және т.б. салаларда кеңінен пайдаланылса және халық тілдерімен алмасуда кеңінен қолданылса, елдегі барлық түркі тілдес халықтардың мәдени өмірі бай және алуан түрлі болар еді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Crystal D. *Language Death* / D. Crystal. — London: Routledge. — 2000. — P. 167–169.
- 2 Fierman W. *Language and Education in Post-Soviet Kazakhstan: Kazakh-Medium Instruction in Urban Schools* / W. Fierman. — *The Russian Review*. — 2006. — P. 65, 98–116.
- 3 Johanson L. *Discoveries on the Turkic Linguistic Map* / L. Johanson. — Stockholm. — 2000. — P. 5.
- 4 *Ethnologue: Languages of the World*. — [Electronic resource]. — Access mode: <https://store.ethnologue.com/>.
- 5 Moseley C. *Atlas of The World's Languages in Danger* (Ed.) / C. Moseley. — Paris: UNESCO Publishing. — 2010.
- 6 Eker S. *Tehlikedeki türk dilleri III / Endangered turkic languages III* / S. Eker, Ü.Ç. Şavk // *International Turkic Academy International Hoca Ahmet Yesevi Turkish-Kazakh University*. — Ankara-Astana. — 2016. — P. 1–4.
- 7 Brenzinger Matthias et al. *Language vitality and endangerment* / Matthias Brenzinger. — Paris, UNESCO Ad Hoc Expert Group Meeting on endangered languages. — 2003. — Accessed mode: <http://www.unesco.org/culture/en/endangeredlanguages> (Accessed: 09.08.2023).
- 8 Smith Anthony D. *States and homelands: the social and geopolitical implications of national territory* / Anthony D. Smith // *Millenium: Journal of International Studies*. — 1981. — 10 (3). — P. 187–202.
- 9 Baker C. *Attitudes and language* / C. Baker. — Clevedon: Multilingual Matters. — 1992.
- 10 Bhavna D. *Kazakhstan: Ethnicity, Language and Power* (London, Routledge) / D. Bhavna. — 2007.
- 11 *Итоги национальной переписи населения 2021 года в Республике Казахстан: стат. сб.* — [Электронный ресурс]. — Астана, 2021. — Режим доступа: <https://stat.gov.kz/national/2021/>. (Дата обращения: 09.08.2023).
- 12 *Международный проект «Взаимодействие тюркских языков и культур в постсоветском Казахстане»*. — 2014–2017. [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://tyurki.weebly.com/>. (Дата обращения: 09.08.2023).
- 13 Куртиев Р.И. *Календарные обряды крымских татар* / Р.И. Куртиев. — Симферополь: Крымучпедгиз, 1996. — С. 65.
- 14 Жолдасбеков М. *История, язык и этнокультура тюркских народов Казахстана* / М. Жолдасбеков, Н. Шаймердинова, М. Калдыбаев, Р. Каликов, Б. Жиёмбай, А. Диханбаева. — Нур-Султан: Free Flight, 2020. — С. 79.
- 15 Кудаш С. *Крымские эскизы* / С. Кудаш // *Октябрь*. — 1939. — № 1. — С. 20.

М. Конкал, Н.Г. Шаймердинова

Результаты социолингвистического исследования малочисленных и исчезающих тюркских языков в Казахстане

В статье рассмотрен вопрос об уровне использования и передаче из поколения в поколение родного языка малочисленных и исчезающих тюркоязычных народов на территории Казахстана. Целью статьи является изучение вопросов о развитии языков и использовании родного языка представителями тюркоязычных национальностей в социальной среде. В ходе исследования был проведен социолингвистический опрос среди тюркоязычных этносов Казахстана, малочисленных и находящихся на грани исчезновения. В результате исследования авторы учитывали возраст, пол представителей этноса и сферу употребления родного языка, а также уровень сохранения традиций и обычаев. Приведены различные факторы, приводящие к разрушению языков и сужающие сферу их применения.

Ключевые слова: малочисленные языки, языки, находящиеся на грани исчезновения, тюркские народы, анкетирование, анализ, социолингвистика.

M. Konkal, N.G. Shaimerdinova

Results of a sociolinguistic study of vulnerable and endangered Turkic languages in Kazakhstan

In the article the issue of the level of use and transmission from generation to generation of the native language of the vulnerable and disappearing Turkic-speaking peoples in Kazakhstan was considered. The purpose of the article is to consider the issues of language development and use of the native language by representatives of Turkic-speaking nationalities in the social environment. In the course of the study, a sociolinguistic survey was conducted among the Turkic-speaking ethnic groups of Kazakhstan that are vulnerable and on the verge of extinction. The results of the study are based on the age, gender and sphere of use of the native language, the level of preservation of traditions and customs. Various factors leading to the causes of the destruction of languages and narrowing the scope of their application are given. The article also analyzes in detail the results of the survey conducted between ethnic groups.

Keywords: vulnerable languages, endangered languages, Turkic peoples, questionnaire, analysis, sociolinguistic.

References

- 1 Crystal, D. (2000). *Language Death*. London: Routledge. 167–169.
- 2 Fierman, W. (2006). Language and Education in Post-Soviet Kazakhstan: Kazakh-Medium Instruction in Urban Schools. *The Russian Review*, 65, 98–116.
- 3 Johanson, L. (2000). *Discoveries on the Turkic Linguistic Map*. Stockholm.
- 4 Ethnologue: Languages of the World. Retrieved from <https://store.ethnologue.com/>.
- 5 Moseley, C. (2010). *Atlas of The World's Languages in Danger* (Ed.). Paris: UNESCO Publishing.
- 6 Eker, S., & Şavk, Ü.Ç. (2016). Tehlikedeki türk dilleri III [Endangered turkic languages III]. *International Turkic Academy International Hoca Ahmet Yesevi Turkish-Kazakh University*, 1–4. Ankara-Astana.
- 7 Brenzinger Matthias et al. (2003). Language vitality and endangerment. Paris, UNESCO Ad Hoc Expert Group Meeting on endangered languages. Retrieved from <http://www.unesco.org/culture/en/endangeredlanguages> (Accessed: 09.08.2013).
- 8 Smith, Anthony D. (1981). States and homelands: the social and geopolitical implications of national territory. *Millenium: Journal of International Studies* 10 (3), 187–202.
- 9 Baker, C. (1992). *Attitudes and language*. Clevedon: Multilingual Matters.
- 10 Bhavna, D. (2007). *Kazakhstan: Ethnicity, Language and Power* (London, Routledge).
- 11 (2021). Itogi natsionalnoi perepisi naseleniia 2021 goda v Respublike Kazakhstan: Statisticheskii sbornik [The results of the national population census of 2021 in the Republic of Kazakhstan Statistical collection]. Astana. Retrieved from <https://stat.gov.kz/national/2021/> [in Russian].
- 12 (2014–2017). Mezhdunarodnyi proekt «Vzaimodeistvie tuiirskikh yazykov i kultur v postsovetском Kazakhstanе». [International project “Interaction of Turkic languages and cultures in post-Soviet Kazakhstan”]. Retrieved from <https://tyurki.weebly.com/> [in Russian].
- 13 Kurtiev, R.I. (1996). *Kalendarnye obriady krymskikh tatar* [Calendar rituals of the Crimean Tatars]. Simferopol: Krymuchpedgiz [in Russian].

14 Zholdasbekov, M., Shajmerdinova, N., Kaldybaev, M., Kalikov, R., Zhiembay, B., & Dihanbaeva, A. (2020). Istorii, yazyk i etnokultura tuirkskikh narodov Kazakhstana [History, language and ethnoculture of the Turkic peoples of Kazakhstan]. Nur-Sultan: Free Flight [in Russian].

15 Kudash, S. (1939). Krymskie eskizy [Crimean sketches]. *Oktyabr*, 1, 20 [in Russian].

Information about author

Konkal, Meruyert — Master of pedagogical sciences, Faculty of International Relations, Department of Turkology, Doctoral student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan Senior Lecturer, Pedagogical Institute, Astana International University, Astana, Kazakhstan. Email: meruyertkonkal@gmail.com;

Shaimerdinova, Nurila Gabbasovna — Doctor of philological sciences, Faculty of International Relations, Department of Turkology, Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan. Email: nurila1607@mail.ru.